

М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТИ



**ДУЛАТИ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ КӨЛІК
ЖҮЙЕСІН ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ КӨЛІК
ҚҰРАЛДАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ
БОЙЫНША 2026–2030 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
БАҒДАРЛАМА**

Тараз 2026ж.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазіргі таңда климаттың өзгеруі, атмосфералық ауаның ластануы және көмірқышқыл газы шығарындыларының көбеюі әлемдік қауымдастық алдында тұрған маңызды экологиялық мәселелердің бірі болып табылады. Көлік секторы қоршаған ортаға теріс әсер ететін негізгі факторлардың қатарында саналады. Автокөлік құралдарынан бөлінетін көмірқышқыл газы, азот оксидтері және басқа да зиянды заттар атмосфераның ластануына, жаһандық жылынуға және халық денсаулығына кері әсерін тигізеді.

Осыған байланысты М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті тұрақты даму қағидаттарын басшылыққа ала отырып, университет аумағында экологиялық таза көлік түрлерін дамыту, автокөлік құралдарын пайдалануды қысқарту және көміртегі ізін азайту мақсатында осы бағдарламаны әзірлейді.

Бағдарлама Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарының 3-мақсаты «Салауатты өмір салты және әл-ауқат», 11-мақсаты «Тұрақты қалалар мен елді мекендер», 13-мақсаты «Климаттың өзгеруіне қарсы күрес» және GreenMetric халықаралық рейтингінің «Transportation» көрсеткіштеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ

Университеттің барлық оқу корпустары мен инфрақұрылымдық нысандарында тұрақты көлік жүйесін қалыптастыру, қоршаған ортаға келетін зиянды азайту, атмосфераға шығарылатын парниктік газдар көлемін төмендету және білім алушылар мен қызметкерлер арасында экологиялық мәдениетті арттыру.

3. НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

- университет аумағында жеке автокөлік құралдарының санын кезең-кезеңімен азайту;
- жаяу жүру мәдениетін қалыптастыру;
- велосипед инфрақұрылымын дамыту;
- қоғамдық көлікті пайдалануды ынталандыру;
- карпулинг жүйесін енгізу;
- электр көліктерін пайдалануды қолдау;
- көлік құралдарынан шығатын зиянды заттарды азайту;
- университеттің көміртек ізін төмендету;
- студенттер мен қызметкерлер арасында тұрақты көлік қағидаттарын насихаттау.

4. ТҰРАҚТЫ КӨЛІК САЯСАТЫНЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ

4.1 Экологиялық жауапкершілік

Әрбір білім алушы мен қызметкер қоршаған ортаны қорғауға үлес қосуға міндетті. Көлік құралдарын пайдалануды азайту арқылы атмосфералық ауаның сапасын жақсартуға ықпал ету көзделеді.

4.2 Энергия тиімділігі

Университет энергия ресурстарын тиімді пайдалануға және отын тұтынуды қысқартуға бағытталған шараларды қолдайды.

4.3 Қолжетімділік

Барлық студенттер мен қызметкерлер үшін қауіпсіз және қолжетімді көлік инфрақұрылымы қалыптастырылады.

4.4 Инновациялық даму

Заманауи цифрлық технологиялар мен мобильді платформалар енгізіледі.

5. НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР

5.1 «КӨЛІКСІЗ КАМПУС» ЖОБАСЫ

Жобаның мақсаты – университет аумағында автокөлік қозғалысын азайту арқылы экологиялық жағдайды жақсарту.

Іс-шаралар:

- ай сайын «Көліксіз күн» өткізу;
- факультеттер арасында экологиялық байқаулар ұйымдастыру;
- жаяу жүру марафондарын өткізу;
- көліксіз келген студенттерді марапаттау;
- экологиялық челленджер ұйымдастыру.

Күтілетін нәтиже:

- автокөлік санының 15–20%-ға азаюы;
- атмосфералық ластанудың төмендеуі;
- студенттердің дене белсенділігінің артуы.

5.2 «DULATY BIKE» ЖОБАСЫ

Жоба аясында:

- велосипед тұрақтары орнатылады;
- велотұрақтардың саны көбейтіледі;
- қауіпсіз велосипед маршруттары белгіленеді;
- «Велосипедпен университетке» акциясы өткізіледі;
- велосипед жалдау жүйесін енгізу қарастырылады.

5.3 «ECO RIDE DULATY» ЖОБАСЫ

Карпулинг жүйесін енгізу.

Бір бағытта қатынайтын студенттер мен қызметкерлер ортақ көлікті пайдалану арқылы:

- жанармай шығынын азайтады;
- жолдағы көлік санын төмендетеді;
- атмосфераға шығарылатын зиянды газдарды қысқартады.

5.4 «ЖАЯУ УНИВЕРСИТЕТ» ЖОБАСЫ

Университет аумағында жаяу жүргіншілерге басымдық беру.

Жоба шеңберінде:

- жаяу жолдар кеңейтіледі;

- қауіпсіздік белгілері орнатылады;
- демалыс аймақтары жасақталады;
- көлеңкелі аллеялар құрылады.

5.5 «ЭЛЕКТР КӨЛІГІН ҚОЛДАУ» ЖОБАСЫ

Жоспарланған шаралар:

- электр зарядтау станцияларын орнату;
- электр көліктеріне арналған тұрақ орындарын бөлу;
- электр скутерлерін пайдалану жүйесін енгізу;
- электромобильдерді пайдалануды ынталандыру.

6. КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫ АЗАЙТУ БОЙЫНША ЕРЕЖЕЛЕР

- Университет аумағында жаяу жүргіншілерге басымдық беріледі.
- Қысқа қашықтықтарда автокөлік пайдалануға жол бермеу ұсынылады.
- Велосипед және қоғамдық көлік пайдалану ынталандырылады.
- Көліксіз күндерге қатысу ұсынылады.
- Карпулинг жүйесіне қатысу қолдау табады.
- Электр көліктеріне артықшылық беріледі.
- Қоршаған ортаны ластайтын көлік құралдарын пайдалануды қысқарту бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізіледі.

7. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

2030 жылға дейін:

- көмірқышқыл газы шығарындыларын 10%-ға төмендету;
- жеке автокөлік пайдалануды 15%-ға қысқарту;
- велосипед пайдаланушылар үлесін 15%-ға жеткізу;
- қоғамдық көлік пайдаланушылар санын 10%-ға арттыру;
- GreenMetric рейтингіндегі Transportation көрсеткішін жақсарту;
- университеттің көміртек ізін азайту.

8. ҚОРЫТЫНДЫ

Бағдарлама университеттің тұрақты даму саясатын іске асыруға, климаттың өзгеруімен күресуге, студенттер мен қызметкерлердің экологиялық мәдениетін арттыруға және халықаралық рейтингтердегі көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған. Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде университет экологиялық жауапты, заманауи және тұрақты кампус үлгісіне айналады.

Жоба атауы	Жылдық қатысушылар саны
«Көліксіз кампус»	5000 адам
«Dulaty Bike»	1500 адам
«Eco Ride Dulaty»	1000 адам

«Жаяу университет»	4000 адам
«Жасыл факультет»	5000 адам
Экологиялық марафондар	500 адам

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ 2030 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАНҒАН ҮЛЕСІ (АДАМ САНЫ БОЙЫНША)



Іс-шаралардың орындалу кестесі

№	Іс-шара	2026	2027	2028	2029	2030
1	Көліксіз күн өткізу	✓	✓	✓	✓	✓
2	Велотұрақтар орнату	✓	✓			
3	Веложолақтар салу		✓	✓		
4	Карпулинг платформасын енгізу	✓	✓	✓	✓	✓
5	Электр зарядтау станциялары		✓	✓	✓	✓
6	Экологиялық марафондар	✓	✓	✓	✓	✓
7	Жаяу аймақтарды кеңейту	✓	✓	✓		
8	Студенттік экоклуб жобалары	✓	✓	✓	✓	✓

Бағдарлама бойынша жоспарланған көлік түрлерін пайдалану үлесі

2030 жылға жоспарланған тұрақты көлік үлесі

Университет кампусындағы көлік түрлерін пайдалану құрылымы



● Велосипед ● Жаяу жүру ● Карпулинг ● Электр көлігі ● Қоғамдық көлік

GreenMetric рейтингіне әзірленетін көрсеткіштер

Көрсеткіш	2026	2027	2028	2029	2030
Велосипед тұрақтары	20	40	60	80	90
Велосипед пайдаланушылар	200	300	500	600	800
Карпулинг қатысушылары	200	450	700	950	1200
Электр көліктері	10	25	50	80	90
Көліксіз күнге қатысушылар	5000	5500	6000	6500	7000
CO ₂ қысқаруы (тонна)	50	70	80	90	100

Дулати университетінде көлік жүйесін тұрақты дамыту және көлік құралдарын тиімді пайдалану бойынша 2026–2030 жылдарға арналған бағдарлама Стратегиялық даму басқармасымен әзірленді.

Әзірлегендер:

Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру бөлімінің бас маманы

А.Анарбай

Аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі

А.Сарикова

Стратегиялық даму басқармасының басшысы

Ж.Дарибаев

Бағдарлама Дулати университетінің Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитеті мәжілісінде талқыланып қаралды
(№4 хаттама, 18 06 2026ж.)